



ZHUBANOV UNIVERSITY СТАНЕТ IT ХАБОМ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ

Международный технопарк IT-стартапов Astana Hub и Zhubanov University подписали меморандум о сотрудничестве. Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Багдат Мусин посетил во время рабочей поездки в регион Zhubanov University, где ознакомился с деятельностью Технопарка при университете, а также провел встречу с IT сообществом региона и студентами.

Продолжение на 16-стр.

Осы санда

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН
АУДАН БАЙЛАНЫСЫ:
ОРТАҚ МАҚСАТ



8-11 66

МЫ ВОСПИТЫВАЕМ
МОЛОДЕЖЬ



6-7-стр

ЖАСТАР
ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ



14-15 66

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



страны. Из них 183 ученика завоевали золото, 274 — серебро и 463 — бронзу.

«В прошлом году количество медалей, завоеванных нашими воспитанниками на соревнованиях мирового уровня, достигло рекордного уровня. Надеюсь, что в этом году мы побьем собственный рекорд», — сказал министр А.Аймагамбетов.

Стоит отметить, что недавно президент Касым-Жомарт Токаев подписал закон, предусматривающий единовременную выплату победителям Международной предметной олимпиады. Школьники, завоевавшие золотую медаль, получают денежную премию в размере 1 500 МРП, серебряную медаль — 1 000 МРП, бронзовую медаль — 500 МРП. Преподаватели, подготовившие учащихся к конкурсу, также получают единовременную награду.

Кроме того, победители и призеры международных олимпиад автоматически получают гранты для поступления в казахстанские вузы.

SUBJECT OLYMPIAD IN ELECTRONIC FORMAT

"This year we have automated the process of holding Olympiads at all levels in order to make the victories of young participants as honest as possible. Therefore, they were held in electronic format," Minister of Education and Science Askhat Aimagambetov said on his Facebook page. The head teacher of the country noted that President Kasym-Jomart Tokayev pays special attention to the support of gifted children.

This year, 920 participants from all over the country took prizes at the subject Olympiads. Of these, 183 students won gold, 274 - silver and 463 - bronze.

"Last year, the number of medals won by our students at world-class competitions reached a record level. I hope that this year we will break our own record," Minister A. Aimagambetov said.

It is worth noting that recently President Kasym-Jomart Tokayev signed a law providing for a one-time payment to the winners of the International Subject Olympiad. A student who wins a gold medal receives a cash prize of 1,500 MCI, a silver medal — 1,000 MCI, a bronze medal — 500 MCI. Teachers who have prepared students for the competition will also receive a one-time award.

In addition, winners and prize-winners of international Olympiads will automatically receive grants for admission to Kazakh universities.

ПӘНДІК ОЛИМПИАДА — ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА

"Жас қатысушылардың жеңістері барынша әділ болуы үшін биыл біз барлық деңгейдегі олимпиаданы өткізу процесін автоматтандырдық. Яғни олар электронды форматта өтті", — деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ФБ парақшасындағы жазбасында. Еліміздің бас ұстазы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дарынды балаларды қолдауға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

Биылғы пәндік олимпиадаларда республика бойынша 920 қатысушы жүлделі орын иеленді. Олардың ішінде 183 оқушы алтын, 274 оқушы күміс және 463 оқушы қола медаль иегері атанды.

"Быттыр оқушыларымыздың әлемдік деңгейдегі олимпиадаларда жеңіп алған медальдары рекордтық көрсеткішке жетті. Биыл өз рекордымызды жаңартамыз деп үміттенемін", — деді министр А.Аймағамбетов.

Айта кетсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздарына біржолғы ақшалай төлемдерді төлеу нормасын қарастыратын Заңға қол қойды. Алтын медаль алған оқушыға 1 500 АЕК, күміс медальға 1 000 АЕК,

қола медальға 500 АЕК көлемінде ақшалай сыйақы берілетін болады. Оқушыларды жарысқа дайындаған педагогтерге де біржолғы сыйақы беріледі.

Одан бөлек, Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне қазақстандық ЖОО-ға түсу үшін автоматты түрде гранттар бөлінеді.

ПРЕДМЕТНАЯ ОЛИМПИАДА В ЭЛЕКТРОННОМ ФОРМАТЕ

«В этом году мы автоматизировали процесс проведения олимпиад всех уровней, чтобы сделать победы юных участников максимально честными. Поэтому они проходили в электронном формате», — сообщил на своей странице в Facebook министр образования и науки Асхат Аймагамбетов. Главный учитель страны отметил, что Президент Касым-Жомарт Токаев уделяет особое внимание поддержке одаренных детей.

В этом году на предметных олимпиадах заняли призовые места 920 участников со всей



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҮЗДІК ҮШТІК ҚАТАРЫНДА

Қазақстан оқушылары Францияның Нормандия қаласында өткен Дүниежүзілік гимназиадада 85 медаль жеңіп алып, үздік үштік қатарына енді.

Еліміздің құрамасы 32 алтын, 32 күміс және 21 қолаға ие болды.

Бұл оқушылардың таеквондо, жүзу, жеңіл атлетика, дзюдо, еркін күрес, семсерлесу, көркем гимнастика, спорттық гимнастика, садақ ату, бокс, грек-рим күресі, әйелдер күресі және регби сияқты спорт түрлерінен көрсеткен шеберліктеріне байланысты қол жеткен нәтиже.

"Оқушыларымыз гимназиадаға алғаш рет қатысса да, ел намысын лайықты дәрежеде қорғап, жоғары нәтижелер көрсете білді. Олар әлемнің 70 елінен келген 3,5 мың оқушымен бақ сынасты.

Бұл жүлделер — дайындықтың, табандылықтың, еңбектің, тәртіп пен талпыныстың жемісі.

Ұстаздарыңызға, жаттықтырушыларыңыз бен ата-аналарыңызға алғыс айтамын.

Білім және ғылым министрлігі оқушылар арасында зияткерлік және спорттық олимпиадаларды дамыту жұмыстарын жалғастырады", — деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Дүниежүзілік гимназиадаға Қазақстаннан 250-ге жуық оқушы қатысты.



"Несмотря на то, что наши ученики впервые приняли участие в Гимназиаде, достойно защищали честь страны и показали высокие результаты. Они соревновались с 3,5 тысячами школьников из 70 стран мира.

Эти призы - плоды подготовки, упорства, труда, дисциплины и стремления.

Благодарю учителей, тренеров и родителей.

Министерство образования и науки продолжит работу по развитию интеллектуальных и спортивных олимпиад среди школьников", — сказал министр образования и науки РК Асхат Аймағамбетов.

Во Всемирной Гимназиаде приняли участие около 250 учащихся из Казахстана.

32 gold, 32 silver and 21 bronze medals.

This is the result achieved due to the skill of students in sports such as taekwondo, swimming, athletics, judo, freestyle wrestling, fencing, rhythmic gymnastics, gymnastics, archery, boxing, Greco-Roman wrestling, women's wrestling and rugby.

"Despite the fact that our students took part in the Gymnasium for the first time, they adequately defended the honor of the country and showed high results. They competed with 3,500 schoolchildren from 70 countries of the world.

These prizes are the fruits of preparation, perseverance, work, discipline and aspiration.

I thank the teachers, coaches and parents.

The Ministry of Education and Science will continue to work on the development of intellectual and sports Olympiads among schoolchildren," said the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Askhat Aimagambetov.

About 250 students from Kazakhstan took part in the World Gymnasium.

В ТРОЙКЕ ЛУЧШИХ

Школьники Казахстана вошли в тройку лучших, завоевав 85 медалей на Всемирной гимназиаде в городе Нормандия Франции. Сборная страны получили 32 золота, 32 серебра и 21 бронзу.

Это результат, достигнутый за счет мастерства учащих в таких видах спорта, как таеквондо, плавание, легкая атлетика, дзюдо, вольная борьба, фехтование, художественная гимнастика, спортивная гимнастика, стрельба из лука, бокс, греко-римская борьба, женская борьба и регби.

IN THE TOP THREE

Schoolchildren of Kazakhstan entered the top three, having won 85 medals at the World Gymnasium in Normandy, France. The national team won

ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІ

Zhubanov University жоғары басшылығы Жеңіс күні мерекесіне арналған шараларға қатысып, Екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілген Әлия Молдағұлова ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

"Жеңісті жақындатқан ата-әжелеріміздің ерлігі мәңгі есімізде!

Тәуелсіз еліміздің бейбітшілігі баянды болсын!", — деді университет басшысы Лаура Қарабасова.

Қайсарлық пен нәзіктіктің мәңгілік символы Әлия қыздың есімі туған жер төсінде ерекше ардақталады.

Ақтөбе қаласының орталығындағы проспект батыр қыз атында, проспектінің ағайынды Жұбановтар көшесінің қиылысында Әлия Молдағұлова ескерткіші орнатылған. Ескерткіш авторы Е.Штамм, сәулетші Л.Рапутов. Ескерткіш тұғыры 4 қырлы, граниттен жасалған. Батыр қыздың мүсіні қоладан құйылған. Проспект бойында Әлия мұражайы орналасқан. Ақтөбе Халықаралық әуежайы Әлия Молдағұлова есімімен аталады. Әріне сонымен қатар еліміздің батысындағы ең іргелі жоғары оқу орны — Zhubanov University университетінде Әлияға арналған оқу кабинеті бар.

Айта кетсек, Ақтөбеде Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы 8 күзгері ғана қалған.

ПРАЗДНИК ДНЯ ПОБЕДЫ

Руководство Zhubanov University приняло участие в мероприятиях, посвященных Дню Победы. От имени ВУЗа были возложены цветы к памятнику Героя Советского Союза Алии Молдагуловой, известной проявленным мужеством во Второй мировой войне.

"Мы навсегда помним подвиг наших бабушек и дедушек, приближавших победу! Пусть мир независимой страны будет крепким!", — сказала руководительница университета Лаура Карабасова.

Имя девушки Алии, вечного символа стойкости и нежности, особенно почитается на родине.

В центре города Актобе на пересечении проспекта, носящего имя девушки-героя, с улицей Братьев Жубановых установлен мемориал Алии Молдагуловой. Автор памятника Е.Штамм, архитектор Л.Рапутов. Постамент выполнен из гранита. Сама скульптура отлита из бронзы. Вдоль проспекта расположен одноименный музей. Международный аэропорт Актобе также носит имя Алии Молдагуловой. Конечно, в самом фундаментальном вузе на западе страны, Zhubanov University, есть учебный кабинет Алии.

К слову, в Актобе остались последние 8 свидетелей Второй мировой войны.

VICTORY DAY CELEBRATION

The leadership of Zhubanov University took part in the events dedicated to the Victory Day. Flowers were laid on behalf of the University at the monument to Hero of the Soviet Union Aliya Moldagulova, known for her courage in World War II.

"We always remember the feat of our grandparents, who brought victory closer! May the peace of an independent country be strong!", — said the head of the University Laura Karabasova.

The name of the girl Aliya, the eternal symbol of perseverance and tenderness, is especially revered at home.

A memorial to Aliya Moldagulova has been erected in the center of Aktoobe at the intersection of the avenue named after the hero girl with the Zhubanov Brothers Street. The author of the monument E.Shtamm, architect L.Raputov. The pedestal is made of granite. The sculpture is cast in bronze. The Aliya Museum is located along the avenue. Aktoobe International Airport is also named after Aliya Moldagulova. Of course, the most fundamental university in the west of the country, Zhubanov University, has Aliya's study room.

By the way, the last 8 witnesses of the Second World War remained in Aktoobe.

College

Zhubanov University Жоғары колледж директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Айдын Жақсанұлы Әбденовпен сұқбат

— Бірден 9 класс бітіріп жатқан оқушылар үшін өзекті сұрақтан бастайын. 10 класқа өтіп, мектептегі оқуын жалғастырған дұрыс па, әлде орта арнайы білім алу үшін колледжге түскен ұтымды ма?

— Қазіргі білім алушылар мен ата-аналардың талабы, сұраныстары мен талғамдары жоғары десем қате емес. Қойып отырған сұрағыңыз сондықтан өте орынды және дәл осы уақытта өзекті. Бізге қарағанда шетелдерде колледжде білім алуды жоғары дәреже санайды және бағалайды. Бұл — шындық.

Жалпы алғанда жасөспірімдердің өмірге деген көзқарастары мен мақсаты, белгілі бір деңгейдегі міндеті әр түрлі ғой. Олардың бірі ертерек мектептегі оқуын бітіріп, жұмыс жасап, ата-анасына көмектескісі келеді, бірі әлеуметтік жағдайына байланысты техникалық және кәсіптік білімді қанағат тұтып, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына (колледжге) түсуді жоспарлайды.

Колледжге түсу арқылы ертерек диплом алып, еңбек етуді мақсат етеді. Кейбір оқушылар Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырмаудың амалын жасап, алдымен колледжде оқуға түсуі мүмкін.

Қандай себеп болмасын елімізде орта арнайы білімге деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов үстіміздегі жылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына бөлінетін мемлекеттік тапсырыстың бірнеше есе өсетіндігін мәлімдеген болатын.

Меніңше оқушы ата-анасынан немесе арнайы маманнан кеңес ала отырып, алдағы тағдырына әсер ететін қадамды дұрыс шешкені абзал деп ойлаймын. Негізі колледжге түскен ұтымды.

9 кластан кейін колледжге оқуға түсетін болса 3 жыл 10 ай, ал 11 кластан соң 2 жыл 10 ай білім алады.

— Колледжге түсудің артықшылықтарын жалпы өңгімелеп көттік. Енді Zhubanov University Жоғары колледжі туралы толығырақ айтып берсеңіз.

— Жоғары колледж өңіріміздегі ең жаңа орта арнаулы білім ордасы. Қасиетті Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың атындағы өңірлік университет жанынан құрылған Жоғары колледждің мүмкіндіктері зор. Колледжге директор қызметіне тағайындалғанымға екі айдың жүзі болыпты. Осы аралықта байқағаным біздің Жоғары колледжге балаларын оқуға түсіргісі келетін ата-аналарды қызықтыратын жайт университеттің бүгінгі беделі, оқу ор-



КОЛЛЕДЖЕ ТҮСКЕН ҰТЫМДЫ

ның жеткілікті материалдық-техникалық базасы және колледждегі сұраныстағы мамандықтардың болуынан екендігін түсіндім. Әсіресе, «Дене тәрбиесі және спорт», «Бастауышта білім беру педагогикасы және әдістемесі», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Аударма ісі».

Жоғары колледж 12 мамандық бойынша мамандар дайындайды. Барлық мамандықтың мемлекеттік лицензиялары бар. Колледж мамандандырылған аккредиттеуден өткен. Мемлекеттік бюджет негізінде білім алушылар саны жылдан жылға артып келеді. Алдағы оқу жылына 175 грантқа тапсырыс берілді. Біздің колледж студенттер контингенті бойынша Ақтөбе облысындағы колледждер арасында алдыңғы орындардың бірін иеленіп отыр.

Университетте өткізіліп жатқан оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие-ұйымдастырушылық бағыттағы шараларға колледждің де араласуы үлкен тәжірибе.

Жоғары колледждің құрылғанына 5 жылға жуықтады. Колледж студенттері жақсы оқумен қатар халықаралық, республикалық және облыстық сайыстарда жүлделілер қатарынан табылып келеді. Әсіресе биылғы оқу жылы табысқа толы өтті. Біршамасын атап өтсем:

Жоғары колледждің "Дене тәрбиесі және спорт" мамандығының

3 курс студенті Теңізбаев Алмат Түркияның Станбұл қаласында мамырдың 11-19 аралығында кикбоксингтен өткен Әлем кубогінің чемпионатында күміс жүлдегер атанды.

2022 жылдың 1-3 сәуір аралығында Алматы қаласында өткен «Тазквондо ITF Union-2022» бірыңғай турнирінде 55 кг салмақта «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1 курс студенті Мұқаш Медет жүлделі 1-ші орынды иеленді.

Осы жылдың 18 мамырында Ақтөбе облысында басталған «WorldSkills Aktobe - 2022» аймақтық чемпионатына Жоғары колледждің болашақ мамандары екі күзиреттілік бойынша қатысып, кәсіби біліктері мен дағдыларын сынады. Нәтижесінде «WorldSkills Kazakhstan» аймақтық чемпионатында «Бастауыш сыныптарды оқыту» күзиреттілігі бойынша үздік нәтиже көрсетіп III дәрежелі Дипломмен Сембаева Гульвира (жетекшісі: А.Елубаева) және «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» қызиреттілігінен жүлделі III дәрежелі Дипломмен Князбаева Аружан (жетекшісі: А.Ұлықова) марапатталып, қола медаль мен омың теңгенің сертификатын алды.

Ал 2022 жылдың 18-20 мамыр аралығында «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының Ұлттық студенттер лигасы аясында футбол

жарысына қатысқан Жоғары колледж командасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында чемпион атанып, Алматы қаласына республикалық турнирге жолдама алды. Міне осындай қуанышты жаңалығымыз көп.

Колледждің ақылы негізде білім алушыларына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында көмек көрсетіледі. Әлемге және елімізге танымал ірі компаниялар — «Сағыз Петролеум», «СНПС-Ақтөбе мұнай-газ» АҚ, «Прикаспий Петролеум Компаниясы» секілді мекемелер қазір жеті студенттің оқу ақысын төлеуді өз міндеттеріне алған.

Оқу үлгерімі үздік, белсенді, көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған студенттерге университет ректорының жеңілдіктері мен Ақтөбе облысы әкімінің бір реттік стипендиялары беріледі.

Студенттің рухани-мәдени дамуына зор көңіл бөлінеді. Жоғары колледжде «Саналы ұрпақ», «Qadam», «Поэзия әлемінде», «Жас сарбаз», «ELO» speaking club, «Көңілді тапқырлар» клубы сияқты үйірмелер және футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисіне қызығатын білім алушыларға арналған спорттық секциялар жұмыс жасап жатыр. Сонымен қатар «Кәусар» волонтерлар клубы бар, онда студенттер мейірімділік пен қайырымдылық қасиеттерін бойына сіңіріп, мұқтаж жандарға өздері көмек беріп үйренеді.

— Жаңылыспасам, Жоғары колледж алғашқы түлектерін оқытып шығарды. Арасында табысымен көрініп жүргендері бар ма?

— Жоғары колледжді бітірген түлектерінің көбі әрі қарай жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыруда. Былтыр бітірген «Аударма ісі» мамандығының түлегі Изимова Дана Венгрияның белді университетіне грантқа түсіп, шетелде оқып жүр. Аталған мамандықтың келесі түлегі Сынырбаева Арайлым Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде мемлекеттік грантта білім алууда. Дүбірова Мақпал Алматыдағы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне «Аударма ісі» білім бағдарламасы бойынша грантқа түскен. Қалған 60-қа жуық түлек өзіндік университетте оқуын жалғастыруда. Ал «Құқықтану» мамандығының 2021 жылғы түлегі Алматы Талғат Темір ауданы, Кеңқияқ кенті, Саркөл ауылдық клуб үйінің директоры лауазымды қызметін атқарып келеді.

— Жоғары колледждің профессорлық-оқытушы құрамы және материалдық базасы жөнінде жәке өңгімелесеңіз.

— Материалдық-техникалық база жоғары деңгейде деуге болады. Жоғары колледж Бек Сүлейменов атындағы оқу ғимаратында орналасқан. Оқу ғимараты кітапхана, спорт залы, шағын футболдан жасанды алаң, акт залы, асхана, 4 компьютерлік класс, арнайы кабинеттер және аудиториялармен жабдықталған. Сонымен қатар маман-

дықтардың оқу бағдарламасына сәйкес өткізілетін практикаларды жүзеге асыруда университеттің материалдық-техникалық базасы қолданылады. Өңірде белгілі бірнеше кәсіпорындар мен серіктестіктерде келісім-шарт негізінде дуалды оқыту, практикаларды өткізу өз деңгейінде жүргізіліп келеді.

Оқытушылардың сапалық құрамы жағынан Ph.D доктор, ғылым кандидаттары мен магистрлер, жоғары біліктілік санатты оқытушылар мен модератор-оқытушылар қызмет атқарады. Оқытушылар түрлі білімін жетілдіру курстары, оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер мен шеберлік кластарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді.

2022 жылдың мамырында Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы университеттің жанынан құрылған Есенов колледжімен меморандумға қол қойылды. Меморандум мақсаты екі колледж арасында байланыс орнату арқылы оқытушылар мен білім алушылардың тәжірибе алмасуы, тағылымдамалардан өту, біріккен білім бағдарламалары мен оқу жоспарларын жасақтау, академиялық ұтқырлықты іске асыру және т.б. Осындай келісім-шарттар мен меморандумдар алдағы кезеңде жоспарлы түрде басқа да кәсіпорындармен жүргізілмек.

Жасалған келісімдер негізінде профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру, басқа оқу орындарымен тәжірибе бөлісу және т.б. Осындай келісім-шарттар мен меморандумдар алдағы кезеңде жоспарлы түрде басқа да кәсіпорындармен жүргізілмек.

Қазіргі таңда Жоғары колледжді дамытудың стратегиялық жоспары әзірленген, студенттер санына емес алдымен сапасына мән беру қажеттігі жөнінде университет ректоры Лаура Қарабасованың ұсынысымен біршама жұмыстар да атқарылып келеді. Оқытушылар құрамының сапалық көрсеткіштері мен біліктіліктерін жетілдіру, әлеуметтік жағдайларына қолдау көрсету шаралары алдағы оқу жылдарында да қолдау таппақ.

— **Кезіңде өзіңіз мамандықты қалай тандап едіңіз? Сіздің алдыңызда да алдымен колледжде түсу мақсаты болмады ма?**

— Оқушы кезімнен география мен тарих, қазақ тілі мен әдебиетіне және дене шынықтыру пәндеріне деген қызығушылығым мол болды. География пәнінен мектепшілік, аудандық және облыстық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, география саласында біршама білімді дамыттым. Мектепте өткізілетін тарихи-танымдық көштер, сайыстар мен интеллектуалды жарыстарға белсенді қатысатынымын. Соның септігі тиген болар 2002 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің (ЖОО-ның сол жылғы атауы) «Тарих және география» мамандығына оқуға түстім. Алғашқыда бірнеше мамандықтарды ой елегінен өткізіп, соңында педагогика саласын көңілім қалады. Бұл тұста ата-анамның да ықпалы болғандығы рас.

Әңгімелескен
Гүлнара Дауылбайқызы

Main news

ИНКЛЮЗИВТІ КИІМДЕР ТОПТАМАСЫ

Zhubanov University "Дизайн" мамандығының білім алушылары инклюзивті киімдер топтамасын тігіп шықты. Көпшілік назарына ұсынылған 20 шақты киім тұтынушыларға ұнап жатыр. Себебі функционалды киім тігуде оны тұтынушылардың ерекшеліктері барынша қарастырылған. Тіпті түймелердің және бұрмалардың орналасуына дейін. Дайын киім үлгілерінің бірнешеуі білім алушы Аяя Спамбетованың тапсырысы бойынша дайындалған. Аяя өңірдегі талантымен танымал жастың бірі. Өзі де болашақ дизайнер-суретші.

Әлемдік сән индустриясында соңғы кезде ғана көңіл бөліне бастаған жаңа трендке білім алушыларды бағыттаған оқытушы Юлия Кузнецова еңбектің нәтижесіне риза. Инклюзивті киімдер топтамасын көруге университет ректоры Лаура Қарабасова әдейі келіп, өз бағасын берді. ЖОО басшысы білім алушылардың жақсы бастамасынан әуелден хабардар екенін білдірді. "Көркем еңбек және дизайн" кафедрасының аға оқытушысы Юлия Кузнецова біліктілігін арттыру курсына барып мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған киім тігуден тәжірибе жинақтап келді. Кейін сабақтардың бірінен осындай жобаны студенттеріне ұсынып көреді. Өздерінің айтуынша, нарықты зерттей келе дене бітімі өзгеше жандарға киім табу өте қиын екенін түсінген. Бұл киімдерді өзіміздің студенттердің бірі жас суретші Аяя Спамбетоваға арнап тіккен екен. 4 киім үлгісі шешіп-киюге ыңғайлы, Аяяның барлық ерекшелігін ескеріп әзірленген. 20 эскиздің ішінен тапсырыс берушінің өзі қалап тандап алғандары осы екі спорттық костюм, үй киімі және үстіндегі сәнді белдемше мен кофта.

Бұл оқу барысында дайындалған жобалардың бірі ғана емес, әлеуметтік үлкен мәселені көтерген бірегей топтама болды", — деді Лаура Қарабасова.

ИНКЛЮЗИВНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ ОДЕЖДЫ

Студенты специальности "Дизайн" Zhubanov University создали инклюзивную коллекцию одежды. Около 20 презентованных образов пользуются популярностью у покупателей. Все благодаря функциональности. При пошиве были максимально



предусмотрены особенности потребителей. Вплоть до расположения кнопок и аксессуаров. Несколько готовых моделей одежды изготовлены по заказу студентки Аяя Спамбетовой. Аяя известна своими талантами в регионе она будущий дизайнер-художник.

Результатом труда довольна преподаватель Юлия Кузнецова, направившая обучающихся на новый тренд в мировой индустрии моды, который только в последнее время стал привлекать внима-



ние. Ректор университета Лаура Карабасова специально пришла посмотреть коллекцию инклюзивной одежды и дала свою оценку. Руководитель ВУЗа отметила, что знала о благой инициативе обучающихся с первых дней. "Старший преподаватель кафедры "Художественный труд и дизайн" Юлия Кузнецова прошла курсы повышения квалификации и набрала опыт в пошиве одежды для людей с ограниченными возможностями. Позже на одном из занятий предложила своим студентам реализовать проект. Изучив рынок, они поняли, что найти одежду для людей с особенностями телосложения, очень сложно. Эти наряды один из наших студентов сшил для молодой художницы Аяя Спамбетовой. 4 модели одежды удобны в носке, разработаны с учетом всех особенностей Аяя. Из 20 моделей именно эти выбрала девушка: два спортивных костюма, домашняя одежда и модные юбка и блузка.

Отмечу, что это не только один из проектов, подготовленных в ходе обучения, но и уникальная коллекция, которая подняла большую социальную проблему", — сказала Лаура Карабасова.

INCLUSIVE CLOTHING COLLECTION

Students of the specialty "Design" of Zhubanov University have created an inclusive collection of clothes. About 20 presented images are popular with buyers. All thanks to the functionality. When sewing, the features of consumers were provided for as much as possible. Down to the location of buttons and accessories. Several ready-made clothing models were made by order of Aya Spambetova, a student. Aya is known for her talents in the region, she is future designer-artist.

The result of the work is satisfied with the teacher Yulia Kuznetsova, who directed students to a new trend in the global fashion industry, which has only recently begun to attract attention. The rector of the University, Laura Karabasova, specially came to see the collection of inclusive clothing and gave her assessment. The head of the university noted that she knew about the good initiative of students from the first days. "Senior lecturer of the Department of "Art Work and Design" Yulia Kuznetsova took advanced training courses and gained experience in tailoring for people with disabilities. Later, at one of the classes, she offered her students to implement the project. After studying the market, they realized that it is very difficult to find clothes for people with body features. One of our students sewed these outfits for a young artist Aya Spambetova. 4 models of clothing are comfortable to wear, designed taking into account all the features of Aya. Out of 20 models, these are the ones chosen by the girl: two tracksuits, home clothes and a fashionable skirt and blouse.

I would like to note that this is not only one of the projects prepared during the training, but also a unique collection that raised a big social problem," said Laura Karabasova.

☑ Youth

МЫ ВОСПИТЫВАЕМ

— По данным психологов и медиков, в 17-18 лет, это возраст поступающих в ВУЗы, человек уже сформировался как личность. Изменить его духовный настрой и воспитывать — реально для нынешней молодежи? Какие в уходящем учебном году реализовали мероприятия в этом направлении?

— Воспитательная работа в 2021-2022 учебном году на основе принятой 3 года назад «Концепции воспитательной работы» проведена по 5 направлениям: "Гражданская позиция и духовно-нравственное воспитание", "Формирование эстетической культуры", "Правовое воспитание", "Физическая культура и формирование здорового образа жизни студентов", "Экологическое и трудовое воспитание". На основе плана совместно с факультетами организованы 1 мероприятие на международном, 2-на республиканском и 53-на университетском уровнях. В них приняли участие 4448 обучающихся.

В этом учебном году пришлось переосмыслить многие планы мероприятий. В соответствии со спецификой факультетов и академических групп мы внедрили последовательность в планировании кураторской работы. Например, нельзя сравнивать факультет экономики и права с профессионально-творческим факультетом. Также разница в возрасте и мировоззрении между только поступившими студентами и выпускниками имеют большое значение. Мы постарались исключить порядка тысячи разовых мероприятий. Их нерентабельность мы выявили путем социологического опроса, проведенного в осенний период.

Благодаря отмене разовых акций, усилили работу в организации масштабных праздников. В этом году мы отмечали Наурыз мейрамы в новом формате этнонимбилдинга. Причем мероприятия направили на усиление связи преподавателя и студента через создание доверительной атмосферы. Обучающимся понравились мастер-классы наставников по подготовке национальных блюд, совместная демонстрация традиций.

Среди крупных мероприятий особо отмечу международный форум, проведенный совместно с центром "Адалдық алаңы", "Литература. Дух. Общество", республиканский научно-познавательный семинар к 180-летию первого казахского педагога "Просветительские уроки И.Алтынсарина", праздничный концерт к 30-летию Независимости Республики Казахстан "Тәуелсіздік-тұғырым!", проект "Национальные ценности", проект социального предпринимательства от руководителя мастерской Green Tal Эмина Аскерова и др.

Zhubanov University со своей 85-летней историей является флагманом в реализации молодежной политики региона. Внутри университета процесс воспитания и социальной поддержки студентов тесно переплетается со всеми сферами. Руководством ВУЗа в четырехлетний стратегический план университета включены 7 конкретных направлений для духовного роста молодого поколения. Причём личностный ребрендинг каждого обучающегося начинается с его просвещения и даже контроля за здоровьем. Об итогах воспитательной работы уходящего учебного года и прорывных планах на будущий рассказал Член Правления, проректор по социальной и воспитательной работе Zhubanov University, кандидат философских наук, обладатель медали им.Ы.Алтынсарина Муханбеткалиев Есбол Есенбайулы.



— А как определяется активность студентов и по каким критериям отбираются активисты?

— Во-первых, активность студентов можно отслеживать через мобильное приложение SMART ARSU. Через него идёт регистрация в студенческие организации различного уровня. Здесь же формируются списки лидеров.

В Zhubanov University есть Студенческий парламент. Его деятельность направлена на повышение гражданской активности, студенческого самоуправления. В составе организации есть Студенческий Сенат и Студенческий Мажилис. По итогам выборов избираются 9 "сенаторов" и 30 "мажлисменов". В этом году состав Студенческого парламента пополнился 622 активистами и достиг 4200 членов. Среди них выявили лучших. 35 студентов в текущем учебном году награждены нагрудным знаком "Үздік студент".

Планируется присоединение студенческих организаций при факультетах к организациям при университете. Основным принципом является переход от количества к качеству.

— Как мотивируете студентов к активной студенческой жизни? Расскажите о социальной поддержке.

— В этом учебном году университетом оказана социальная поддержка 2352 студентам, со сторо-

ны предприятий и организаций помощь получили 328 человек, меценаты поддержали 9 студентов, стипендии акима Актобинской области присвоили 77 обучающимся.

В соответствии с «Положением о льготах» в университете полностью освобождаются от оплаты за обучение дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, дети, оба родителя которых нетрудоспособны по инвалидности, дети-инвалиды.

Призеры международных и республиканских чемпионатов и конкурсов в спорте и искусстве (I, II, III места), проведенных при поддержке Министерства образования и науки РК, международных организаций, Министерства культуры и спорта РК, для студентов, обучающихся по специальностям "Физическая культура и спорт", "Музыкальное образование", "Изобразительное искусство и черчение", "Хореография", "Дизайн", рассмотрены вопросы по снижению годовой суммы оплаты за обучение.

В качестве единовременной льготы в предстоящем учебном году будет решен вопрос об освобождении от платы за проживание в общежитиях за активное участие в общественной работе в студенческих домах или домах молодежи университета на 1 год.

Хочу сообщить радостную новость. В этом году конкурс на стипендию акима Актобинской области будет проводиться дважды в год: осенью и весной. Мы представили документы 157 студентов университета на стипендию, присуждаемую местным исполнительным органом.

— В каких управленческих органах университета обучающиеся могут выразить свое мнение и точку зрения?

— Хочу отметить, что в настоящее время представители Студенческого парламента являлись членами управленческих советов университета. Это Ученый совет, Академический совет, Научно-технический совет, Студенческий дисциплинарный совет в Доме студентов, Совет кураторов и т.д. Я понял, что молодежь ответственно относится к любому вопросу будущего страны. Общась с ними, новые идеи рождаются сами по себе. Поэтому в коллегиальных органах мнение студентов не останется без внимания. Кроме того, Председатель Правления - ректор Лаура Чапаевна Карабасова постоянно прислушивается к идеям молодежи и направляет их ресурсы в правильное русло.

На постоянной основе проводятся анкетирования "Университет глазами студентов".

В этом году для оптимизации работы библиотеки был проведен

МОЛОДЕЖЬ

опрос среди обучающихся на тему "Оценка 24-часовой библиотечной деятельности". Это влияет на наше направление развития и системную работу.

— **Какой приоритет отдается студенческим спортивным мероприятиям?**

— В учебном заведении для обучающихся функционируют 2 спортивных комплекса и 4 спортивных зала. В этом году в целях пропаганды здорового образа жизни среди студентов ВУЗов страны со стороны МОН РК была проведена студенческая спортивная Лига по 5 видам спорта: казак күресі, тоғыз құмалақ, мини-футбол, волейбол и настольный теннис. В рамках этих соревнований впервые в своей истории университет занял I место по волейболу.

По инициативе ректора Zhubanov University Лауры Карабасовой, ВУЗ оказывает финансовую поддержку в обеспечение проезда студентов на спортивные соревнования. По сравнению с прошлым годом количество выделяемых на эти цели средств увеличилось на 11%. На областном, республиканском, международном уровнях наши жубановцы показали положительные результаты по различным видам спорта.

— **2020 год в Казахстана был Годом волонтера. С того времени движение добродетелей стало популярным среди молодежи. Как осуществляется волонтерская деятельность в университете?**

— В настоящее время в университете действуют 5 волонтерских групп. Их участники проявляют активность в акциях "Новый

Казахстан — чистый Казахстан", "Молодежь против наркомании", "30 добрых дел", помощи пострадавшим от наводнения, эстафете "Толгай" и др. Волонтеры группы "Жубанов жылуы" стали победителями Международной премии "Волонтер года - 2021" в номинации "За вклад в сохранение и защиту окружающей среды", обладателями областной молодежной премии "Лучшая волонтерская группа", учрежденной к 30-летию Независимости Республики Казахстан за вклад в реализацию молодежной политики региона.

— **Zhubanov University известен своим дебатным движением. В чем преимущество клуба?**

— Работа дебатного движения в университете началась в 2015 году. У нас работают Союз интеллектуальных элит "Заман біздік", дискуссионные клубы "Ритор", "Алаш Орда" и "Шабьт". Эти студенческие организации развивают в студентах логическое и критическое мышление, коммуникативную культуру и навыки публичных выступлений, готовят к самостоятельному принятию решений и способствуют формированию лидерских качеств. Ряды дебатных дискуссионных клубов университета пополнились 36 филиалами в городских и сельских школах. Хочу поделиться достижениями дебатов. В г. Туркестан на турнире "Түркістан - Шығыс алаңы" в честь 30 - летия Независимости РК заняли призовое III место, в г. Уральск на республиканском турнире фракция "Желтоқсан" по формату АПФ выиграли I место, на республиканском турнире дебатов "Ice-Scream VIII", организо-

ванном Высшей школой дебатов Союза элитных экономистов г. Алматы, удостоились III места.

Дебатные клубы университета в тесном сотрудничестве с молодежными ресурсными центрами республиканского и областного уровней. Уверен, что наши дебатары смогут стать лучшими на различных турнирах, зарекомендовать себя как профессионалы, лидеры.

— **Расскажите о центре "Здоровье и благополучие"?**

— В конце 2021 года в университете создан центр "Здоровье и благополучие" по инициативе ректора Л.Карабасовой. Цель — сохранение психологического здоровья обучающихся, профессорско-преподавательского состава и работников организации образования, формирование благоприятной социально-психологической среды и оказание психологической поддержки.

Университет заключил меморандум с общественным объединением "Психоаналитическая ассоциация", где были проведены корпоративные тренинги для профессорско — преподавательского состава и сотрудников по темам: "Психологическое сопровождение самостоятельной организации: системная супервизия, digital - стратегии", "Пути решения конфликтов на рабочем месте", "Психологическое здоровье как залог успешной жизни".

Руководитель центра "Здоровье и благополучие" Нурлыбай Ж. совместно с коллегами провел групповую терапию для 230 студентов, ещё 120 обучающихся прошли обширные тренинги.

Каждый вторник организуется однодневный интенсив для студентов и преподавателей.

— **Какие новые инициативы вы реализуете в этом году? Поделитесь планами?**

— Как я уже говорил, мы пытаемся по-новому взглянуть на многие вещи. Хотим привлечь студентов в читающую среду. Поэтому будем организовывать курсы "Book club". На основе запросов обучающихся планируем открыть в каждом учебном корпусе центры "Coworking".

Вы знаете, что современные студенты идут в ногу со временем. По предложению студенческого парламента мы наладили работу в социальной сети "Tik-tok". В настоящее время регулярно совместно с департаментом маркетинга и коммуникаций публикуем новости в официальных аккаунтах университета в рамках проекта "Жубанов News".

В 2022-2023 учебном году планируем провести фестиваль "Жубановская весна". Уверен, что в нем примут участие активные студенты из ведущих учебных заведений республики и региональных учебных заведений.

Вместе с тем, в целях совершенствования института кураторов квалифицированными специалистами педагогического факультета разрабатываются методические рекомендации к курсу "Школа молодых кураторов".

Совместно с специалистами студенческой поликлиники планируем открыть студенческий медицинский клуб "Primary care club". Главная идея, научить студентов оказывать первую помощь.

Планируем проводить еженедельные встречи с обучающимися и ППС. Поэтому в предстоящем учебном году мы запускаем проект "Town hall meeting", чтобы услышать мнения и предложения коллектива.

Надеюсь, что мы полностью реализуем поставленные перед нами цели.

Айерке Султанбекова



Region

Арнайы беттер
Шалқар ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН



Шалқар көлі



Жанболат Жидеханов
Ақтөбе облысы
Шалқар ауданының әкімі

Жанболат Жидеханов Шалқар ауданы әкімінің лауазымына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың келісімі бойынша облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің өкімімен тағайындалды.

Ол 1972 жылы туған. Экономист-есепші, құқық мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 1989 жылы Шалқар ауданының Аяққұм мектеп-интернатында жұмысшы болып бастаған. Өртүрлі жылдары Шалқар қаласындағы орта мектептердің бірінде, Шалқар ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінде есепші, Шалқар ауданының білім және спорт бөлімінде бас экономист, бас маман болып қызмет атқарған.

2009-2013 жылдары Шалқар ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысының орынбасары, басшы лауазымдарын атқарды.

Бірнеше жауапты қызметтерде еңбек еткен Жанболат Жидеханов 2013 жылдан аудан әкімі болып тағайындалған уақытқа дейін Шалқар ауданы әкімінің орынбасары болды.

Шалқар — Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы көл, Солтүстік Арал алабында. Шалқар темір жолы станциясының оңтүстік-батысында орналасқан. Теңіз деңгейінен биіктігі 167,0 м. Ауданы 5,65 — 7,9 км², Ұзындығы 7,0 км, ең енді жері 1,8 км. Солтүстік және солтүстік-шығыс жағалауы жазық, қалған бөлігі жарлауытты. Көл Ескі Шалқар көлімен бір қазаншұңқырда жатыр. Ертеректе екеуі суы ащы бір көл болған, 1937 жылы тас-бетон бөгет арқылы көл екіге: солтүстік-шығыс тұщы (Шалқар көлі) және оңтүстік-батыс ащы (Ескі Шалқар көлі) көлдерге бөлініп қалды. Суы мол жылдары көл суының бір бөлігі бөгеттегі су жібергіш арқылы Ескі Шалқарға құйылады. Суы тұщы, минералдылығы 400-500 мг/л. Шалқар темір жол станциясының тұрмыстық шаруашылық қажеттілігін өтейді, бау-бақша, мал суаруға пайдаланылады.

Шалқар көлі бұрын демалу аймағы болып саналған. Қамыссыз, суы мөлдір таза болатын. Көлдің тереңдігі 15 метрге дейін жеткен еді.

Zhubanov University «Экология» кафедрасы 2019 жылы Шалқар көлінің күйіне ұзақ уақыт бақылау жүргізді. Мақсаты — Қауылжыр өзені мен Шалқар көлінің су қоймасының экологиялық жағдайын бағалау еді. Сондай-ақ Шалқар көлін қалпына келтіруге ықпал ететін іс-шаралар тізімін анықтау болатын.

Зерттеу барысында көлдерге шолу жұмыстары жүргізілді, өртүрлі масштабтағы картографиялық материалдар зерттелді. Жағалау бөлігіндегі фитоценоздардың негізгі түрлерін толығырақ сипаттау үшін жоғары сатылы су өсімдіктерінің негізгі қауымдастықтарына сынақ алаңдары белгіленді. Сонымен қатар негізгі басымдылық танытатын өсімдік түрлеріне, өсімдіктер топтарының сапалық және сандық құрамы

мен олардың шекараларына зерттеу жүргізілді. Өсімдіктер жамылғысын сипаттау кезінде проекциялық жамылғысын, топырақ қабатын, жер үсті және жер асты фитомассасын анықтау үшін, өсіп-өну деңгейінің қарқындылығына қарай жағалаудағы өсімдіктерді үлескелерге бөлу жұмыстары жасалды. Барлық анықталған жағалау-су өсімдіктер қауымдастықтарының фитоценотикалық сипаттамасы өсімдіктер жамылғысының жалпы өсу дәрежесін және табиғатын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, анықталған негізгі көрсеткіштерге сәйкес (проекциялық жамылғы, шөптің биіктігі, фитомасса), су қоймасының толып кету деңгейі анықталды.

Бүгінгі таңда су қоймасының жайы үлкен мәселе болып отыр. Көлде көп мөлшерде тұнба жиналған, бұл Шалқар көлі суының сапасына кері әсерін тигізіп, қаланың өзін өндірістік және шаруашылық су-

мен қамтамасыз етуге кедергі келтіреді.

Университеттің «Экология» кафедрасының көтерген бұл мәселелері бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда және отандық телеарналарда айтылды. Жаратылыстану факультетінің осы саланы бақылауының нәтижесінде көптеген кездесулер, дөңгелек үстелдер мен пікірталастар өтті.

Нәтижесінде Ақтөбе облысы әкімдігі өкілдері Шалқар



БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ



өсімдіктердің өсіп кетуі салдарынан деградацияға ұшырап, көл суының сапасы нашарлайды. «Шалқар көлінің түбін тазарту» жобасының жалпы сомасы 3 млрд. теңгені құрайды.

Жақында облыс әкімі Оңдасын Оразалин Шалқар ауданында жұмыс бабымен болып, ауданның дамуымен танысып, тұрғындарымен кездесті.

"Шалқар көлінің түбін тазарту жобасының жүзеге асырылу барысымен таныстым. Жұмыс сапары барысында аудан әкіміне атқарылып жатқан жұмыстарды үнемі қатаң бақылауда ұстауды тапсырдым", — деп жазды Facebook әлеуметтік парақшасында О.Оразалин.

«Шалқар көлінің түбін тазарту» жобасы облыс тарихындағы ең ірі жоба болып бағаланады. Өйткені суының бестен бір бөлігі ғана қалған көлді қалпына келтіру ауқымды іс.

Көлді тазарту жұмысы «Толға-2050» ЖШС-на жүктелген.

Мамандардың пайымдауынша нөпір су болмаса, Шалқар көлінің арнасы толуы үшін кемінде 5-6 жыл керек көрінеді.

ауданының тұрғындарымен кездесіп, аталмыш мәселенің талқылануына себеп болды. Отырысты қорытындылай келе, аймақ басшысы Оңдасын Оразалин айтылған барлық пікірлер мен ұсыныстарды ескеріп, Шалқар көлінің мәселелерін тез арада шешуді тапсырды.

Шалқар көлін тазарту жұмыстары 2021 жылы басталды. Бұл өзекті экологиялық мәселенің шешілу барысы

Оңдасын Оразалиннің жеке бақылауында.

"Шалқар ауданы тұрғындары Шалқар көлінің түбін тазартуға қатысты сұрақты бірнеше рет көтеріп, бұрынғы қалпына келтіріп беруді сұраған. Біз бұл жұмысқа мамандар мен сарапшыларды тарттық. 2020 жылы жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары аяқталған болатын. Үкімет аталмыш жобаны қолдады, біз соны жүзеге асыратын

боламыз. Ауқымды жоба екі жылға арналған. Оның өңір үшін рекреациялық және шаруашылық тұрғыда маңызы зор. Осы жобадан үлкен экологиялық пайда табамыз деп күтіп отырмыз, — деп атап өткен болатын облыс әкімі.

Көл түбінің тартылып, батпақтану мәселесі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының соңында пайда болған. Көл ағынды сулардың жетіспеуінен, су үстінде және су астында



Region

Арнайы беттер
Шалқар ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

ШАЛҚАР АУДАНЫНЫҢ
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫ

Сабыржан Мұхтаров — филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бойынша бітірген. 1996 жылы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында тәжірибеден өтті.

1997 жылы аталмыш институт жанындағы аспирантураға түсіп, 1999 жылы кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғады.

2004 жылы оған Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен "Доцент" ғылыми атағы берілген. Сабыржан Мұхтаров 1 оқу құралы мен 2 көмекші оқу құралының, 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы.

Ол ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алғыс хатының, ҚР Білім және ғылым министрлігі Құрмет грамотасының, «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Дене шынықтыру саласының үздік қызметкері», Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Білім қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін», «Тіл жанашыры» төсбелгілерінің, «Желтоқсанға — 30 жыл», «Ақтөбе қаласына — 150 жыл» мерекелік төсбелгілерінің иегері. Шалқар ауданының Құрметті азаматы.

Сабыржан Мұхтаров қазір Zhubanov University ректорының кеңесшісі қызметін атқарады. Ол бұған дейін Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы болды.



80 жылдық мерейтойы қарсаңында физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Жайшылық Алмағанбетұлы Сартабановқа "Шалқар ауданының құрметті азаматы" атағы берілді.

Жайшылық Алмағанбетұлының Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университетіндегі педагогтік қызметіне осы оқу жылында 56 жыл толды.

Құрметті атаққа ие болуымен ғалымды университет басшысы Лаура Қарабасова құттықтады.

"Математиканың ардагер ғалымы, академик, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Жайшылық Алмағанбетұлы Сартабанов туған жері Шалқар ауданының Құрметті азаматы атанды.

Білім ордамыздың терең тарихы Жайшылық ағамыздай ұстаздыққа ғұмырын арнаған ардагерлерімізбен бай. Еңбек жолында мыңдаған маман дайындаған, облыс, республикаға есімдері белгілі шәкірттері бар", — деді ректор.

ЖОО-да мамыр айының 24-28 аралығында отандық және шетелдік математиктердің қатысуымен Ж.А.Сартабановтың мерейжасына арналған "Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары" тақырыбында Халықаралық ғылыми конференция өтті.

ШАЛҚАР ШАҺАРЫ

Шалқар шаһары облыс орталығы Ақтөбенің оңтүстік-шығысына қарай 363 км. жерде орналасқан. Қаланың іргесі 1870 жылы қаланған. 1922 жылы уезд, 1924 жылы аудан орталығы, 1932 жылдан бері Шалқар ауданының орталығы болып саналады.



Тарихи деректер бойынша 1870 жылы Ұлықмұның оңтүстік-батыс беткейіне, Шалқар көлінің жағасына қазақ шаруалары келіп қоныс тебеді. Олар бұл өңірде мал шаруашылығымен айналысып, алғаш жеркепе үйлер салған.

1901-1903 жылдары осы өлкеде Орынбор-Ташкент темір жолының құрылысы басталып, алғашқы өнеркәсіп орны — Шалқар паровоз депосының іргетасы қаланады. 1925 жылы 6 наурызда Шалқарға қала мәртебесі беріледі.

Қаланың өнеркәсіп саласында "Көктас-Ақтөбе", "Жаңа дәуір", "Алай" минералды су құю цехтары, "Ақтөбе-Жаңатас" қиыршықтас зауыты, "Локомотив депосы" шеберханасы, электр, жылу қуатын, су өндіретін кәсіпорындар бар.

Еуропа мен Азияны жалғастырып жатқан теміржол торабы бойындағы Шалқар станциясынан 24 жолаушылар пойызы өтеді. Шалқар-Бейнеу темір жолы салынып, пайдалануға берілгені осы екі ортаға қатынау үшін кететін 16 сағат жол қазір 8-9 сағатқа азайған.

Қала маңында Шалқар ауданы аумағындағы Есет-Дәрібай мазары, Тұяқбай тамы, Тоқпан күмбезі, Балғазын күмбезі секілді тарихи-археологиялық және мәдени ескерткіштер, қорғандар мен обалар сақталған.

БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

Zhubanov University университетінде Шалқар ауданынан 540 білім алушы оқып жатыр. Оның 524-і бакалавр, 16-ы магистратура бойынша білім алуда. Олардың ішіндегі бірегейі, Шалқарда туған чемпион Дәулет Жалғасов. 22 жастағы спортшы Zhubanov University "Дене шынықтыру және спорт" мамандығының 2-курс студенті. Грек-рим күресінен Азия чемпионы (2017 ж.), Қазақстанның екі дүркін чемпионы. Әлем чемпионатына қатысушы. "Үздік спортшы-2019". ҚР спорт шебері.

Сұқбат алған Гүлнара Қараша.

— Кезекті оқу жылы аяқталды. Ол қалай есте қалмақ?

— Биылғы оқу жылында университетімізге жаңа ректор келді. Спортқа жақсы көңіл бөлді. Оқу ақысына жеңілдік қарастырды.

— Спорттық өнер деген ұғым бар. Өзіңізге қатысты тұсын қалай түсіндірер едіңіз. Балуандарға табыс жолында спорттық өнер маңызды ма?

— Спорт тәрбиеге бейімдейді. Спорттық өнер спортшыны чемпион болуға баулып қана қоймай, белгілі бір тұлға болып қалыптасуымызға көмегін тигізеді.

— Неге грек-рим күресі? Спорттың түрлері көп.

— Грек-рим күресуіне келуіме Шалқар қаласында күрес спортының жақсы дамуына байланысты деп ойлаймын. Грек-рим күресі Олимпиадалық спорт түрлеріндегі жалғыз әйелдер қатыспайтын спорт түрі. Сондықтан ба, нағыз ерлер айналысатын болғандықтан келдім.

— Азия чемпионы, Қазақстан чемпионы титулдары мақтаншыпен бірге жауапкершілік қой.



ШАЛҚАРДА ТУҒАН ЧЕМПИОН

Алдағы мақсат әлем чемпионы атану шығар?

— Қазір оқу-жаттығу жиынында дайындықта жүрмін. Аянбай еңбек етіп, алдағы әлем чемпионатында қазақ елінің көк байрағын көкке көтеріп, әлем чемпионы атансам деймін. Жерлесіміз Айнағұлов Мейрамбек ағамыз сияқты тарихта өз есімімді үлкен әріппен қалдырып келеді.

— Туған жеріңіз — Шалқар жайлы айтып берсеңіз.

— Шалқар десе көбісінің ойына шатақтығы еске түсіп жатады.

Алайда өзіміз осы қалада туып, өскеннен кейін өзінше бір ыстығы сезіліп тұрады.

Қазір Шалқар жақсы дамып, көркейіп келеді. Жастармен жақсы жұмыс жасалып жатыр. Спорт саласында В.Н.Цеханович атындағы №1 мамандандырылған балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде Даулет Дәрібаев бастаған ұжымның жұмысы алға өрлеуде. Қаламызда жастардың басым бөлігін спортқа баулып, жақсы адам болып шығуға тәрбиелеуде. Жоғарғыда айтқандай спорт адам-

ды ең бірінші тәрбиелікке бейімдейді, демек спортпен шұғылданған адамның басқа жаман істерге әуестігі бола қоймайды.

— Болашаққа деген ең үлкен мақсат? Университетті аяқтағысың қандай жоспар бар?

— Болшаққа деген мақсатым, бала кезден арманым — Олимпиада шыңын бағындыру. Бұл әр спортшыға тән арман.



Ал университеттің бакалавр дәрежесін алғасын, әрі қарай білім алуымды магистратурада жалғастыру ойымда бар.



Арнайы беттерді өзірлеген Гүлнара Қараша.

☑ Referendum

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ҮШІН



Еліміздің батысындағы ірі университетте Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Референдумды қолдау үшін 45 кешенді іс-шара жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Жұбановшылармен AMANAT партиясының республикалық штабының мүшелері, Мәжіліс депутаттары Ғалымжан Елеуов пен Аманғали Бердалиев, сондай-ақ Қазақстанның Халық партиясының өкілі, Мәжіліс депутаты Александр Милютин, Парламент Сенатының депутаттары Мұхтар Жұмағазиев пен Бауыржан Қаниев кездесіп, Референдумның жаңа Қазақстанды құруға жасалған үлкен қадам екенін атап, маңызды шараға белсенді қатысуға шақырды.

Депутаттармен бірге кездесуде болған әйгілі жайдарманшы, еліміздегі "Жайдарман" қозғалысының жетекшісі Есен Елеуов университет жастарымен бұрыннан таныс екенін және

жас жұбановшыларды азаматтық позициялары айқын, болашаққа сенімі нық жарқын жастар ретінде санайтынын айтып, сенім білдірді.

Ақтөбе өңірінде AMANAT партиясы жанынан облыстық, аудандық, қалалық деңгейде 14 штаб құрылып, жұмыс істеуде.

Ауқымды шараның ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына мәслихаттардағы фракция депутаттары, зиялы қауым өкілдері, мәдениет пен спорт қайраткерлері, Жастар қанаты мен өңірлердегі филиалдар атсалысып жатыр.

Жалпы облыс көлемінде 517 дауыс беру учаскесі құрылған.

Референдумды қолдау мақсатында облыста 600-ге жуық шара өтеді.

Zhubanov University профессор-оқытушы құрамы Бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірлерін жариялады. Бірқатары назарыңызға.



Нұртаза АБДОЛЛАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЛАУЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАЙТЫН СӘТ

Бұған дейін тәуелсіз Қазақстан тарихында екі рет референдум жарияланған. Енді, міне, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 5 маусым күні үшінші рет республикалық референдум өткізілетін болды. Республиканың саяси жүйесін түбегейлі өзгеріске бастаушы болатын осынау тағдыр-шешті кезеңде Ата Заңымыз — Конституцияға енгізілетін түзетулер мен толықтырулар енгізуге дауыс беруде әр азамат өз қалауын танытуға тиіс деп есептеймін.

Жадымызда ұстайтын бір жайт, Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі екендігі. Жарық көрген кезден бері жиырма жеті жыл ішінде бұл құжат әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі ретінде танылды. Қазақстан биігінен бағалайтын болсақ, тәуелсіз мемлекетіміздің ең басты қадамы Конституцияны қабылдаумен тұтастай байланысты. Тәуелсіз мемлекеттілігімізді бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған негізгі заң екені баршаға аян болса керек.

Өмір тәжірибесі тұрғысынан бағалайтын болсақ, өзекті проблемаларды сипаттайтын баптар қолданыстағы Конституцияда елеулі модернизациялануы қажеттігін уақыт талап етіп отыр.

Суперпрезиденттік жүйеден қуатты Парламентті бар президенттік республикаға көшуді үндейтін референдумды жариялау — «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жан-жақты сараланған шешім екені

аян. Референдумның мақсаты — саяси, құқықтық жүйемізді жетілдіру, конституциялық реформа жасау. Өзгерістер Конституциядағы 98 баптың үштен біріне әсер етеді. Бұл Жаңа Қазақстан құру жолындағы ел дамуының жаңа кезеңге аяқ басқанын білдіреді.

Конституцияның жаңаруы іргелі сипатқа ие екені және ол елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетіні баршамызға түсінікті. Бұндай шешім қабылдау үрдісіне халықтың өзі белсеніп қатысуы керектігі де әр азаматқа патриоттық сезім жүктейді. Әлемдік және отандық тәжірибесі бойынша референдум қоғамды жан-жақты демократияландыруға және Жаңа Қазақстанды құруға мұрындық болатыны да аян.

Референдум аясында Конституцияға енгізілетін жаңашылдықтар қатардағы азаматтар мен биліктің байланысын одан әрі нығайтып, Үкімет заң шығару барысында халықпен толықтай санасудың жолын кеңейтеді деп сенеміз. Олай болса маңызды мәселе — жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, табиғи ресурстар халыққа тиесілі туралы деген пікірмен қатар, мемлекет халық атынан иелік жүргізуге құқылы деп жазылған. Бұл да ұзақ мерзім бойынша халықтың талқылауға ұсынып келген өтініші.

Әлемнің өркениет қатарындағы мемлекеттерінде тұрғындар тұрмысына қатысты өткір мәселелер туралы хабардар болумен қатар, оларды шешуге халық өзі тікелей қатысады.

Бұл референдум Қазақстан мемлекеттік құрылымын кешенді түрде өзгертуге жол ашатын Конституциялық реформа Әділетті Қазақстан ұстанымының бастамасы деуге негіз бар. Ол биліктің өкілетті тармақтарын (Парламент, мәслихат) айтарлықтай күшейтеді. Сол арқылы көпшілік халықтың мемлекетті басқару ісіне араласуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ жаңартылған заң аясында барлық саяси күштер мен партияларға дербестік берілуі елдегі саяси ұйымдардың тең дәрежеде бәсекеге түсіп, демократиялық үрдістерді үдете түсетіні сөзсіз.

Алдағы референдумның басты мақсаты — жекелеген топтарды күшейтуді емес, мемлекетімізді жетілдіруді, жаңғыртуды және нығайтуды көздейтін де аян. Сондықтан халық осы мүмкіндікті құр жібермей, дауыс беру арқылы өзінің азаматтық борышын көрсеткені жөн болады деген ойдамын.



Лаура ҚАРАБАСОВА
Zhubanov University ректоры, Білім беру бойынша философия докторы (Ph.D.)

ӘР АЗАМАТТЫҢ БҰЛ ІСКЕ ҮЛЕС ҚОСУЫ МАҢЫЗДЫ

Еліміздегі саяси жүйені жаңғырту жолындағы шешімдер қоғамда кеңінен талқыланып әрі қолдау тауып отыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында ұсынған өзгерістер тәуелсіз Қазақстан тарихында жаңа кезеңге жол ашады деп сенеміз.


Сапалы қоғамдық трансформация мен жаңа саяси мәдениет қалыптастырудың алғашқы қадамы Конституциямызға енгізілетін өзгерістерге тікелей қатысу болмақ. Республикалық референдумда Конституциядағы түзетулер жобасына азаматтарымыз жаппай дауыс береді. Ел болашағын айқындайтын сәтке баршамыз үн қоса аламыз. Ел тұрғындарының мемлекетті басқару ісіне қызығушылық танытып, азаматтық ұстанымын белсенді білдіруі — қоғамның дамуына апаратын жол.

Ата заңға енгізілетін ауқымды өзгерістер еліміздің болашағын айқындайтын қадам екенін ескерсек, әр азаматтың бұл іске қосылуы маңызды. Бұл — мемлекеттің ғана даму жолы емес, азаматтық ұстаным мен қоғамның дамуына бастар жол.

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ РЕКТОРЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ

Қазақстанда Орталық Азия елдері ректорлары форумын өткізудегі негізгі мақсат — өңірлік деңгейде ынтымақтастықты нығайтып, аймақта біртұтас кеңістік құруға мүмкіндік беретін Орталық Азия жоғары білім аймағын құру.

Биыл Қазақстан Чехиямен бірге Болон процесін Басқару тобына (BFUG) тең төрағалық етіп жатыр.

Форумда Қазақстанда BFUG өкілдігін ашу мәселесін көтерілді. "Бұл Еуропа мен Орталық Азия елдері арасындағы жоғары білім саласындағы әріптестікті күшейтуге және Болон процесі қағидаттарын өңірде таратуға мүмкіндік береді", — деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Форум жұмысына қатысушы елдердің білім және ғылым министрліктерінің өкілдері, сондай-ақ Орталық Азия елдері университеттерінің 133 өкілі қатысты.

Форумның қорытындысында Орталық Азия ЖОО-ларының альянсын құру туралы меморандум қабылданды, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан университеттері арасында екіжақты келісімдерге қол қойылды, Орталық Азия елдерінде қазақстандық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу мүмкіндігі талқыланды, әр мемлекет үшін басым бағыттар бойынша бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын әзірлеу жоспары әзірленді. Университеттер өз арасында оқытушылар және студенттермен алмасатын болды, бұл бағытта «Әл-Фараби» атындағы стипендиялық бағдарлама іске қосылып, Орталық Азия елдерінің азаматтарына квота бөлу жөнінде келісім жасалды.

Орталық Азия елдері ректорлары форумына қатысқан Zhupanov University ректоры Лаура Қарабасова "Қазіргі өсіп жатқан жаһандану жағдайында ғылыми коллаборацияны «аймақтандыру» және оқшаулау байқалады. Сәтті мысал ретінде Азия аймағындағы ғылыми алмасуды жеңілдету басымдығы болып табылатын Азия университеттерінің альянсын айтуға болады.

Ғылыми коллаборацияны нығайту мәселесі Орталық Азия (ОА) елдері үшін де өзекті болып отыр. Өткен жылы Орталық Азия университеттерінің ғылыми, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін біріктіру мақсатында Түркістан декларациясы қабылданды. Мені еліміздің осы интеграциялық үдерістерде жетекші рөл атқаратыны қуантады.

Бүгін Алматыда Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Түркіменстан және Тәжікстан ректорларының бірінші форумы өтті. Форум жоғары білім мен ғылымның маңызды мәселелерін талқылауға арналған тамаша алаңға айналды. Біздің университет Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетімен өзара ынтымақтас-тық меморандумына қол қойды.

Форум аясында Орталық Азия университеттері альянсы үшін бірінші цифрлық платформа құру

туралы ұсыныс айтқанымға қуаныштымын. Бұл платформа (PURE жүйесіне ұқсас), WoS, Scopus, Google Scholar жүйелерінде профайлдар құру арқылы ғалымдарымыздың танымалдылығын арттыруға, академиялық мақсатта ағылшын тілін үйренуге жағдай жасауға және жалпы тарихты, экологияны зерттеудің жаңа кезеңін анықтауға, өлкенің мәдениеті жайлы деректер жинақтауға ортақ мүмкіндік туғызар еді", — деп пікірін білдірді.

ФОРУМ РЕКТОРОВ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Основная цель проведения форума ректоров стран Центральной Азии в Казахстане - создание Центрально-Азиатской зоны высшего образования, которая позволит укрепить сотрудничество на региональном уровне и создать единое пространство.

В этом году Казахстан совместно с Чехией стал председателем в группе по управлению Болонским процессом (BFUG).

На форуме был поднят вопрос открытия представительства BFUG в Казахстане. "Это позволит усилить партнерство в сфере высшего образования между странами Европы и Центральной Азии и распространить принципы Болонского процесса в регионе", — сказал министр образования и науки РК Асхат Аймағамбетов.

В работе мероприятия приняли участие представители министерств образования и науки стран — участниц, а также 133 руководителя университетов стран Центральной Азии.

В заключении форума подписаны меморандум о создании альянса вузов Центральной Азии, двусторонние договоры между университетами Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана и Таджикистана, обсуждены возможности открытия филиалов казахстанских вузов в странах Центральной Азии, разработан план создания совместных научных и образовательных проектов по приоритетным для каждого государства направлениям. Университеты теперь будут обмениваться преподавателями и студентами. В этом направлении в Казахстане была запущена стипендиальная программа имени Аль-Фараби и заключено соглашение о выделении квот гражданам стран Центральной Азии.

Присутствовавшая на форуме ректоров стран Центральной Азии ректор Zhupanov University Лаура Карабасова отметила: "В условиях современной растущей глобализации наблюдается "регионализация" и локализация научной коллаборации. В качестве успешного примера можно привести альянс азиатских университетов, который является приоритетом для облегчения научного обмена в Азиатском регионе.

Проблема укрепления научной коллаборации актуальна и для стран Центральной Азии. В прошлом году в целях консолидации научного, интеллектуального и творческого потенциала университетов Центральной Азии была принята Туркестанская декларация. Меня радует, что наша страна

играет ведущую роль в этих интеграционных процессах. Сегодня в Алматы прошел первый форум ректоров Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана, Туркменистана и Таджикистана. Он стал отличной площадкой для обсуждения важнейших проблем высшего образования и науки. Наш университет подписал меморандум о взаимном сотрудничестве с Каракалпакским государственным университетом им.Бердака.

В рамках форума я была рада предложить идею создания единой цифровой платформы для Альянса университетов Центральной Азии. Данная платформа (аналогичная системе PURE) объединяет ученых путем создания профайлов в системах WoS, Scopus, Google Scholar, создавая условия для изучения английского языка в академических целях и определяя новый этап изучения общей истории, экологии, сбора данных о культуре края".

FORUM OF RECTORS OF CENTRAL ASIAN COUNTRIES

The main purpose of the forum of rectors of Central Asian countries in Kazakhstan is to create a Central Asian higher Education zone, which will strengthen cooperation at the regional level and create a single space.

This year, Kazakhstan, together with the Czech Republic, became the chairman of the Bologna Process Management Group (BFUG).

The issue of opening a representative office of BFUG in Kazakhstan was raised at the forum. "This will strengthen the partnership in higher education between the countries of Europe and Central Asia and spread the principles of the Bologna process in the region," said Kazakh Minister of Education and Science Ashkat Aimagambetov.

The event was attended by representatives of the Ministries of Education and Science of the participating countries, as well as 133 heads of universities in Central Asia.

At the conclusion of the forum, a memorandum on the establishment of an alliance of universities of Central Asia, bilateral agreements between universities of Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan and Tajikistan were signed, the possibilities of opening branches of Kazakh universities in Central Asian countries were discussed, a plan for the creation of joint scientific and educational projects in priority areas for each state was developed. Universities will now exchange teachers and students. In this direction, the Al-Farabi scholarship program was launched in Kazakhstan and an agreement was signed on the allocation of quotas to citizens of Central Asian countries.

Attending the forum of Rectors of Central Asian countries, Rector of Zhupanov University Laura Karabasova noted: "In the conditions of modern growing globalization, there is a "regionalization" and localization of scientific collaboration. A successful example is the Alliance of Asian Universities, which is a priority to facilitate scientific exchange in the Asian region.

The problem of strengthening scientific collaboration is also relevant for the countries of Central Asia. Last year, in order to consolidate the scientific, intellectual and creative potential of Central Asian universities, the Turkestan Declaration was adopted. I am glad that our country plays a leading role in these integration processes. The first forum of rectors of Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Turkmenistan and Tajikistan was held in Almaty today. It has become an excellent platform for discussing the most important problems of higher education and science. Our university has signed a memorandum of mutual cooperation with Karakalpak State University named after Berdaka.

Within the framework of the forum, I was pleased to propose the idea of creating a single digital platform for the Alliance of Central Asian Universities. This platform (similar to the PURE system) unites scientists by creating profiles in the WoS, Scopus, Google Scholar systems, creating conditions for learning English for academic purposes and defining a new stage in the study of general history, ecology, and collecting data on the culture of the region."

Басты жаңалықтарды дайындаған
Айгерке Сұлтанбекова

Anniversary

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, құрметті профессор, «Ы.Алтынсарин» белгісінің иегері, Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі Сембай Ерғалиұлы Қаңтарбай мерейлі 80 жасқа толды.

Ол 1942 жылы 25 мамырда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында дүниеге келді.

Педагогикалық еңбек жолы 1969 жылдан басталды. Ойыл аудандық оқу бөлімінің инспекторы, мектеп мұғалімі, «Білім» қоғамының жауапты хатшысы, Ақтөбе педагогикалық училищесінің педагогика және психология пәнінің мұғалімі, мектеп бөлімінің меңгерушісі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі және декан қызметін атқарды.

1990 жылы А.И.Герцен атындағы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) педагогика университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен психология» кафедрасына ізденуші ретінде бекітіліп, кандидаттық диссертациялық жұмысын дайындап, 1996 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде орыс тілінде «Формирование учебной деятельности как средство трудового воспитания младших школьников» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Ғылыми жетекшілері А.И.Герцен атындағы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) педагогика университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен психология» кафедрасының меңгерушісі, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Г.И.Вергелес және Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.С.Сабыров болды.

100-ге жуық ғылыми еңбектері Қазақстан және жақын шетел баспаларынан шықты, оның ішінде «Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы», «Педагогикалық практикаларды ұйымдастыру және өткізу материалдары», «Шағын комплексті мектеп және оқу әрекеті» оқу құралдары, «Бастауыш кластардағы өзін-өзі басқару арқылы коллективтік творчестволық істерге үйрету», «Бастауыш кластарда сабаққа талдау жасау әдістемесі», «Методика изучения уровня трудового воспитания младших школьников», «Формирование учебной деятельности как средство трудового воспитания младших школьников», «Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін қалыптастыру» т.б. әдістемелік оқу-құралдарының орны ерекше. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» оқулығы Алматының «Дәуір» баспа-



Сембай Ерғалиұлы ҚАҢТАРБАЙ:

ЖАСТАР ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ

сынан жарық көрді және 2018 жылы әдістемелік электрондық оқу құралы болып шықты. Бұл еңбектерді қазір мектеп мұғалімдері және университет оқытушылары, студенттер, магистранттар пайдалануда.

Сембай Ерғалиұлының ғылыми-зерттеу жұмыстары мектеппен тікелей байланыста. Мысалы, Ақтөбе қаласы №32 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Қ.М.Молдасалиеваның іс-тәжірибесін жинақтауға басшылық жасады.

Шұбарқұдық №1 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері С.Берікова, Р.Шапатовалар оқу әрекеті проблемалары бойынша С.Е.Қаңтарбайдың басшылығымен педагогикалық эксперимент жұмыстарын жүргізді. Эксперимент нәтижесі 1-сыныпқа арналған «Математика» оқулығындағы «Есеп» тақырыбын оқушылардың тереңірек меңгеруіне ықпал етеді. Сол эксперимент нәтижесімен Ақтөбе облысының 300-дей бастауыш сынып мұғалімдері таныстырылды және ол «Бастауыш мектеп» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналында жарияланды.

Ғалымның жарияланған ғылыми нәтижелері мен ұсыныстары ерқашан жаңашылдығымен назар аудартып, мұғалімдер мен студенттер арасында қолдау тауып, оларды шығармашылыққа жетелейді.

«Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетіне танымдық қызығушыларын қалыптастыру» мәселесі бойынша ғылым кандидатын дайындады.

Мәскеу ғалымы В.А.Орехова өзінің «Педагогика» оқулығында

Сембай Ерғалиұлының ғылыми еңбегіне сілтеме жасайды.

Педагогикалық қызметтегі табыстары үшін бұрынғы одақтық және қазіргі отандық марапаттар алған, ол — «СССР орта арнаулы оқу орнының», «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» белгілерімен, «Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігінің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен және облыс-

байланысты юбилейлік медалімен марапатталған.

Сондай-ақ, ҚР «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» белгімен, «Жұбанов» медалі, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне 85 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Сембай Ерғалиұлы Қаңтарбай қазір Zhubanov University «Педагогика, психология және бастауыш



тық жоғары оқу орындарының «Үздік оқытушысы» ретінде облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған. Ақтөбе облысының «Лениндік бесжылдықтың еңбек даңқы» кітабына енгізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінің делегаты болған. СССР Жоғары Советі Президумының Указымен «Ұлы Отан соғысының 20 жылдық Жеңісіне»

оқыту» кафедрасында профессор-оқытушы қызметін атқаруда.

Ардагер ұстаздың 80 жасқа толу құрметіне университетте «Қазіргі бастауыш мектепте оқу мен еңбек әрекеті: әдіснамасы және технологиясы» тақырыбында аймақтық ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Шараға университет ректоры Лаура Қарабасова арнайы қатысып, ғалымды мерейтойымен құттықтады.

«Ғылымда өз жолын салып қана қоймай, кейінгі ұрпаққа тәрбиелік тағылымы, өнегесі, құрметімен абыройлы азаматтың бірі — Сембай Ерғалиұлы. Ағайдың ғалым ретіндегі рөлінен басқа, кішіпейлдігі өз алдына бөлек.

Сембай Ерғалиұлы өзінің сексен жылдық белесіне ғылыми мол әлеуетімен, өнегелі өмір жолымен, бай тәжірибесімен келіп отыр, — деді ЖОО басшысы.

Мерейтой иесіне университет Бастауыш кәсіподақ ұйымы атынан ықылас гүл шоқтары табыс етіліп, иығына шапан жабылды. Сонымен бірге Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы емделу шипажайына тегін жолдама берді.

Бар ғұмырын өңірге педагогика мамандарын дайындауға арнаған, іскерлігі мен бекзаттығы жарасымды қалпынан ешқашан ауытқымаған, атқарған еңбегі өлшеусіз абзал жанға шара арасында қызыққан сұрақтарымды қойып үлгердім.

— 80 жасқа келдіңіз. Ұстаздар қартаймайды деген ұғым бар. Жастардың энергиясымен жас болып қалады дейді. Келісесіз бе?

шілік қой, жүрек жылуым жастарға арналған сияқты.

— Қазір жастарға жол беру үшін уақытында кету керек деген сөздер зейнет жасына жеткен ұстаздарға да қатысты айтылып жатады. Меніңше ұстаздықтан кету нағыз ұстазға ауыр тиеді. Қалай ойлайсыз?

— Тамаша айтылған тұжырым, оны тек түсіне білу керек деп ойлаймын. Денсаулық болса жинақталған тәжірибені жастарға беру керек қой.

— Өңірде оқу-білім саласын дамытуда, жетілдіруде атқарған еңбегіңіз өте зор. Үлкен құрметке әбден лайық жансыз. Дегенмен сіз марапатты емес, өміріңізді арнаған педагогтік қызметіңізге адал, жауапты болуды бірінші кезекке қойған жан сияқты көрінесіз.

— Дұрыс айтасыз, марапат еңбегіңізге сәйкес болу керек. Егер халық бағалап жатса, марапат алған орынды деп санаймын. "Жақсы сөз — жарым ырыс" дейді ғой. Марапаттың түрлері көп қой, негізгі мәселе еңбегіңізді халық бағаласа тамаша ғой.

— Педагог ер адамдар қатары бұрыннан көп емес. Сіз бұған



ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘКЕМ ТУРАЛЫ

Адам өміріндегі әке-шешеден кейінгі орны бөлек жандар — ұстаздар мен тәлімгерлер. Сембай Ерғалиұлымен алғашқы кездесуім мұғалімдікке деген махаббатымнан басталды десем қателеспеймін. Алғаш ағайды 1988 жылы А.А.Жданов атындағы орта мектебінің 9-сыныбын үздік куәлікпен аяқтап, Ақтөбе педагогикалық училищесіне (қазіргі Ақтөбе гуманитарлық колледжі) оқуға түсуге келген кезімде көргенмін. Сол жылдардың қабылдау комиссиясының талабы бойынша мектепті үздік бітіргендер үшін сынақ әңгімелесу тәртібінде өткен еді.

...Әлі есімде. Кезек күтіп, мектепті «қызылмен» тәмәмдаған 10 шақты қыз отырдық. Білімім таразыға тартылар сәт жетіп, мен де кабинетке кірдім. Кабинетте Сембай Ерғалиұлы мен Айша Базарбайқызы отырды. Маған қазақ тілі мен математикадан тапсырма берді. Нәтижесінде сан жүйіріктің ішінен оза шығып, Ақтөбе педагогикалық училищесінің студенті атандым.

Ол кезде Сембай Ерғалиұлының ғылым жолымдағы әкем боламын білмедім де. Кейін жоғары оқу орнының студенті бола жүріп, Сембай ағайдың тәлім-тәрбиесін бойыма сіңірдім. Сол кезден бері ұстазыммен бірге келемін. Алдымен студент болдым, кейін әріптес болдым, ең кереметі ұстазымның ғалым шәкірті екендігім.

Ұстазым туралы айтар болсам, ол кісінің кемеңгерлігі мен кісілігі адам таңғалатындай. Әр уақыт шәкіртке деген ыстық ықыласы таусылған емес. Ағайдан келешекке дұрыс мақсат қойып, нәтижеге жетуді үйрендім.

Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір студентіне деген асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында деп ойлаймын. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі студенттерге де, жұртшылыққа да өнеге.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты рухани кемелденген тұлға етіп тәрбиелеу мәселесі білім беру мекемелерінің алдына келелі міндеттер қойып отыр. Осы міндеттерді шешу жолында аянбай еңбек етіп, отандық педагогика ғылымының дамуы мен өркендеуіне айтарлықтай үлес қосып келе жатқан ардақты ұстаз-ғалым Сембай Ерғалиұлы Қаңтарбайдың алатын орны ерекше.

Сембай ағай мен үшін ғылымдағы әкем. Оның әрбір айтқан сөзі — құнды дүние, біз үшін асыл мұра.

Сембай Ерғалиұлы — бар өмірін ұрпаққа, білім мен тәрбиеге арнаған қадірлі де, қымбатты ұстаз!

«Адамның адамшылығы — жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Сембай ағайдай жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған біздердің өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытымыздан таймайтынымыз анық.

Жанна Жүсіпова
Zhupanov University
Педагогика факультетінің
деканы, педагогика
ғылымдарының кандидаты,
доцент



— Өте дұрыс айтылған, толығымен қолдаймын.

Қызмет барысында әртүрлі жағдайлар болады, сол уақытта жастар жігерлендіреді.

— Ұстаздықтың ұзақ жолында қандай арманыңыз орындалды? Неге әлі қолыңыз жетпеді?

— Алдыма "Мұғалім боламын, ғылыммен шұғылданамын" деп мақсат қойдым. Педучилищені, институтты бітіріп, мұғалім мамандығына ресми құжат алдым. Бастауыш мектепке мамандар дайындауда 52 жыл еңбек етіп келемін. Арман көп қой, бәрі біртіндеп орындалып келеді.

— Ұстаздардың ұстазсыз Ыбырай Алтынсаринді пір тұтатыныңызды білуші едік. Дәріс кабинетіңіз ауысқанда портретін жаныңыздан тастамай үнемі алып жүретінсіз. Жан-дүниелеріңізде ұқсастық бар тәрізді.

— Ия, ұқсастық бар шығар, оны айналамдағы әріптестерім біледі. Жарты ғасырдан астам ғұмырым педагогика саласына арналды. Мені еңбек жолымда демеген бас-ты күш — балаға деген сүйіспен-

қалыпты жайт деп қарайсыз ба, әлде педагогикаға ерлердің көптеп келуі туралы мәселе ойлантма?

— Әрине ойландырады, әрбір тұлғаның өзіндік орны бар, дегенмен де ер педагогтардың көп болғанын қалаймын.

— Жас ұстаздар легі қалыптасып жатыр, қандай кеңес айтар едіңіз? Сіз сияқты қадірлі ұстаз болу үшін олар неге назар аударуы қажет?

— Ұстаз алдымен үлгі болу жағын ойлануы керек. Өзіне-өзі "Мен үлгі болып жүрмін бе?", — деген сұрақты қойғаны дұрыс деп ойлаймын. Біздің мамандық ұдайы ізденісті талап етеді, адамгершілік жағы да жоғары деңгейде болғаны абзал. Қоғамның қойып отырған талаптарын сапалы орындауға ұмтылуы керек. Балаға жүрек жылуын арнауы керек.

— Мерейлі жасыңыз құтты болсын, ағай! Ұзақ жасаңыз! Алғыс сізге!

Ғалым-ұстазбен жүздескен
Гүлнара Қараша.



ZHUBANOV UNIVERSITY СТАНЕТ IT ХАБОМ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ

(Окончание. Начало на 1-стр)

В ходе встречи обсуждались вопросы взаимодействия между министерством, подведомственными организациями, университетом и регионом.

«IT направление – приоритетное в стратегии развития нашего университета. У нас имеются все предпосылки для того, чтобы стать лидером, центром притяжения и IT-хабом для всего западного региона. Подготовка IT кадров в университете ведется с 1999 года. В этом году ожидается выпуск 285 специалистов. Есть зачатки хороших научных разработок и студенческих стартапов. Мы готовы стать региональным хабом в IT-сфере, создать креативное пространство для молодых людей», — отметила ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

В результате визита министра Багдате Мусяева были достигнуты соглашения по расширению деятельности международного технопарка IT-стартапов Astana Hub на базе технопарка университета. Был подписан Меморандум о взаимном сотрудничестве, создающий основу для проведения мероприятий на территории университета имени К.Жубанова, посвященных популяризации технологического предпринимательства, обеспечения доступа к образовательным программам Astana HUB, также доступа к инкубационным и акселерационным программам Фонда.

Пресс-служба Zhubanov University



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Карабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Сағдузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана